# Мемлекет механизмі



**Дәріскер:**
Заң ғылымдарының кандидаты, доцент
Турсынкулова Динара Ахановна

# МЕМЛЕКЕТ ТИПОЛОГИЯСЫ

Мемлекеттерді жіктеу процестері олардың тарихи дамуын дұрыс түсіну үшін қажет. **Типология** - қоғамның тарихи дамуының негізгі мазмұны мен нышандарын түсіну үшін қолданатын әдістер мен тәсілдер. Мемлекеттің даму процесі бүкіл дүние жүзі дамуының бір бөлімі. Оны анықтап түсінгеніміз бүкіл тарихты жақсы білгеніміз. Мемлекеттің дамуы үздіксіз объективтік процесс.

# МЕМЛЕКЕТ ТИПТЕРІ

Шығыстық мемлекет.

Құл иеленуші мемлекет

Феодалдық мемлекет

Буржуазиялық (капиталистік) мемлекет

Социалистік мемлекет

Мемлекеттің сан қилы қызметін атқаратын механизмі *(аппараты)* болады. **Мемлекеттің механизмі** - *белгілі түрде ұйымдастырылған, ішкі тұтастығымен және өзара байланыстылығымен сипатталатын мемлекет органдарының жүйесі*. Әр мемлекеттің механизмі оның тарихи, әлеуметтік, ұлттық, экономикалық, географиялық, т.б. ерекшеліктеріне байланысты құрылады. Дегенмен, барлық мемлекеттерге бірдей тән органдар болады.

Негізінен, олар - құкықтық тәртіпті сақтайтын, мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін, сыртқы тәуелсіздігін қорғайтын органдар. Мұндай органдар әр дәрежеде, әр көлемде барлық мемлекеттерде болады. Мемлекет механизміне тән заңдылық - оның органдары тек мемлекет қызметін атқаруға қажет болғанда ғана құрылады. Екінші заңдылығы - бірінің қызметін бірі қайталайтын органдардын болмауы. Мемлекет механизмінің құрылымы мемлекеттік органдардан, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардан және мемлекеттік қызметкерлерден ұйымдық қаржыларынан, сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді қамтамасыз етуге қажет ықтиярсыз көндіру күштерінен тұрады.

# БИЛІКТІҢ БӨЛІНІСІ БОЙЫНША

- Заң атқарушы (өкілдікті)
- Атқарушы-орындаушы органдар
- Сот органдары

# АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТТЕРІ БОЙЫНША

## *Ішкі қызметтерді атқарушы органдар*

- Құқықтық тәртіпті, қауіпсіздікті қорғау, сақтау
  - Полиция, сот, прокуратура және т.б.
- Әлеуметтік экономикалық реттеу
  - Қаржы-салық аппараты, байланыс органдары мен коммуналдық қызмет көлік және т.б.

## *Сыртқы қызметтерді атқарушы органдар*

- Оқу-ағарту, білім мәдениет, ақпарат органдары
  - Рухани өндіріс
- Қарулы күштер, барлау, мемлекетаралық қатынастар

# МЕМЛЕКЕТТІҢ МЕХАНИЗМІ (АППАРАТЫ)

- Мемлекет басшысы
- Жоғарғы өкілдік, заң шығаратын орган
- Жоғарғы атқарушы орган
- Сот
- Прокуратура
- Әскер

# МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ ЖІКТЕЛУІ

**Субъектілеріне байланысты**

- Өкілдігі бар мемлекеттік органдар (Президент, Парламент)
- Мемлекеттік органдардың өздері құратын органдары (Үкімет, министрліктер)

**Өкілеттіктердің сипатына байланысты**

- Жалпылама құзыретті органдар (Үкімет)
- Арнайы құзыретті органдар (Бас прокуратура)

**Құрылымына байланысты**

- Жай (қарапайым)
- Күрделі

**Құзырлардың іске асу ретіне байланысты**

- Алқалы (Үкімет)
- Дара басшылық (Президент)

**Аумақтық қызмет аясына байланысты**

- Федеративтік
- Республикалық
- Жергілікті

**Ұйымдық-құқық қызметтері түрлеріне байланысты**

- Биліктері толық болатындары
- Биліктері шектеулі болатындары